«БЕКІТЕМІН»
Абай атындағы ҚазҰПУ
ректоры, профессор
___________ Т. Балықбаев
«_» ___________ 2019 ж.

# «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ӘН БАЙҚАУЫ

## ЕРЕЖЕ

Алматы – 2019

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай 2019 жылдың 5-6 желтоқсан күндері аралығында «Менің Қазақстаным» республикалық патриоттық ән байқауы ұйымдастырылады.

2. Осы Ереже «Менің Қазақстаным» республикалық патриоттық ән байқауын өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

3. «Менің Қазақстаным» республикалық патриоттық ән байқаудың басты ұйымдастырушысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып табылады.

## БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Байқаудың басты мақсаты – тәуелсіз жылдарда шығарылған отандық авторлардың әндерін кеңінен насихаттау, қазақстандық ән туындыларының бәсекелестік әлеуетін арттыру, ән өнерінің үздік дәстүрлері мен жетістіктерін жаңғырту, жас таланттарды анықтау болып табылады.

## БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Байқауға республикамыздың жоғары оқу орындарының 18-29 жас аралығында студенттері қатыса алады (жеке орындаушылар);
- Байқауға арнайы кәсіби музыкалық білім беретін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы, Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері қатыса алмайды;
- Байқауға қатысушы әнді жанды дауыспен орындауы тиіс;
- Орындайтын шығарманың сапалы музыкалық аранжировкасы болуы тиіс;
- Сахналық киім үлгісі орындайтын репертуарына сәйкес болуы тиіс;
- Бағалау 10 балдық жүйемен жүргізіледі

***Бағалау тәртібі:***

✓ дауыс ерекшелігі;
✓ көркемдік орындау шеберлігі;
✓ сахналық шеберлігі;
✓ концерттік киім ерекшелігі.

## БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

1. Қазылар алқасының құрамында елімізге белгілі мәдениет және өнер қайраткерлері, кәсіби сазгерлер мен тәжірибелі ұстаздар болады.
2. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды.
3. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

## БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ

1. **Іріктеу кезеңі.** Іріктеу кезеңінде үміткер (Отан, ел, Туған жер, бейбітшілік, соғыс жылдарындағы әндер) өз таңдаулары бойынша патриоттық әндерді орындауы тиіс. Іркітеу кезеңінен жоғары ұпай жинаған үміткер, ақтық кезеңге жолдама алады.
2. **Ақтық кезең.** Ақтық кезеңге жолдама алған үміткерлер тәуелсіз жылдары шығарылған патриоттық әндерді орындаулары шарт (Астана, Туған жер, Елбасына арналған әндер, т.б.).

## МАРАПАТТАУ

1. Бас жүлде (ақшалай сыйлық, арнайы диплом) – 150 000 теңге
2. I орын (ақшалай сыйлық, арнайы диплом) – 100 000 теңге
3. II орын (ақшалай сыйлық, арнайы диплом) – 80 000 теңге
4. III орын(ақшалай сыйлық, арнайы диплом) – 2 адам (50 000 теңге)
5. «Абай Құнанбаев» атындағы арнайы жүлде – 30 0000 теңге
6. Дипломанттар – 5 адам (15 000 теңге)
7. Барлық қатысушыларға алғыс хаттар табысталады.

## БАЙҚАУДЫҢ ӨТЕТІН КҮНІ МЕН ОРНЫ

1. **Іріктеу кезеңі.** 2019 жылдың 5 желтоқсаны күні сағат 11.00-де басталады. Қатысушыларды тіркеу сағат 09.00-10.30-ға дейін. **Өтетін орны:** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің №5 оқу ғимаратының акт-залы. Мекен-жайы: Төле би, 86 (Сейфуллин көшесінің қиылысы).
2. **Ақтық кезең.** 2019 жылдың 6 желтоқсаны күні сағат 15.00-де басталады. Қатысушыларды дайындық жұмыстары сағат 10.00-де 13.00-ге дейін. **Өтетін орны:** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің №5 оқу ғимаратының акт-залы. Мекен-жайы: Төле би, 86 (Сейфуллин көшесінің қиылысы).

## ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті. Байланыс телефондары: Бекбенбетова Қазына Асанқызы – 87016642721, Шораева Балжан Төрәліқызы 8747-228-60-15, 8(727)2-91-83-82.

## ӨТІНІШТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

Байқауға қатысушы үміткерлердің өтініштері 2019 жылдың 4 желтоқсанына дейін қабылданады. Мерзімінен кешіккен өтініштер, қарауға қабылданбайды. Үміткерлер өз өтініштерін b_kazyna@bk.ru, baljik_91_91@mail.ru, электронды почтасына жіберуі тиіс. Өтініш үлгісі *(қосымша 1)*

**Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректор** **Ж. Ішпекбаев**